



ЭЛ-ФАРАБИ атындағы  
КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
имени АЛЬ-ФАРАБИ

**«ЭКОНОМИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ  
НЕГІЗДЕРІ РЕТИНДЕ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ  
БИЗНЕС ИНТЕГРАЦИЯСЫ» атты  
45-інші ғылыми-әдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**3-КІТАП**

**МАТЕРИАЛЫ  
45-ой научно-методической конференции  
«ИНТЕГРАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И  
БИЗНЕСА КАК ОСНОВА ИННОВАЦИОННОГО  
РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ»**

**КНИГА 3**

**АЛМАТЫ 2015**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени аль-ФАРАБИ



**«ЭКОНОМИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ  
НЕГІЗДЕРІ РЕТИНДЕ ФЫЛЫМ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ  
БИЗНЕС ИНТЕГРАЦИЯСЫ» атты**

**45-інші ғылыми-әдістемелік конференция**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

23-24 қаңтар 2015 жыл

3-кітап

**МАТЕРИАЛЫ**

**45-ой научно-методической конференции**

**«ИТЕГРАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И БИЗНЕСА  
КАК ОСНОВА ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ  
ЭКОНОМИКИ»**

23-24 января 2015 года

Книга 3

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

|  |    |
|--|----|
| <b>Баяндина С.М., Кошкимбаева У.Т., Крылова В.С., Шакен А.Ш., Жанакеева М.К.,<br/>Кайрат С.</b> Бизнес пен гылымның интеграциясы аясында туристік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жолдары.....                     | 35 |
| <b>Бергенева Н.С., Жуманова Г.С., Сатарбаева А.С.</b> Организация учебной практики студентов – как основа интеграции науки и развития экономики.....   | 38 |
| <b>Биекенов К.У., Биекенова Н.Ж.</b> Применение синергетики как науки управления учебными процессами.....  | 40 |
| <b>Даирбаева Г.</b> Компетентностный подход к занятиям по обратным задачам для дифференциальных уравнений в контексте интегрированных образовательных программ.....  | 43 |
| <b>Даuletбаков Б.Д.</b> Научно-методические основы реализации наукоемкой экономики в рамках интеграции образования, науки и бизнеса.....   | 45 |
| <b>Джаамбаева Б.А., Бухаев А.Н.</b> Университет – как основное звено в интеграции науки и экономики.....   | 48 |
| <b>Джанголова Г.К., Касымканова Х.М., Бастаубаева Д.Ж., Байдаuletова Г.К.,<br/>Жалгасбеков Е.Ж.</b> Болашақ мамандардың білім бағдарламаларын жетілдірудің ғылыми негіздері.....   | 49 |
| <b>Джаншанло Р.Е.</b> Перспективы использования процессного подхода в преподавании экономических дисциплин.....  | 51 |
| <b>Есимова О.А., Мұсабеков Қ.Б.</b> Нанотехнологиялардың коллоидтық-химиялық негіздерін оқытудың білім мен ғылыми тоғыстырылған заманауи тәсілі.....   | 55 |
| <b>Ешова Ж.Т., Акбаева Д.Н., Каирбеков Ж.К.</b> Роль дипломного проектирования в разработке совместных образовательных программ для будущих химиков-технологов в рамках интеграции науки и бизнеса.....                    | 57 |
| <b>Жакупова Г.Т.</b> Из опыта использования знания в научно-исследовательской деятельности и их внедрения в работу архивных учреждений и учебный процесс .....   | 60 |
| <b>Жанабаев З.Ж.</b> Наноғылым: оқытудың жаңа мазмұны, озық технологиялар негіzi.....  | 63 |
| <b>Жаркова И.М., Кегенова Г.Б., Сапаргалиева Н.С.</b> Формирование мотиваций в реализации образовательных программ по специальности «Рыбное хозяйство и промышленное рыболовство» в рамках интеграции науки и бизнеса..... | 65 |
| <b>Жоламанова М.Т.</b> Научно-методические основы интеграции образования и бизнеса.....  | 67 |
| <b>Жусупова Г.Е., Жусупова А.И., Абилов Ж.А.</b> Внедрение в учебный процесс результатов создания новых лекарственных средств отечественного производства.....   | 69 |
| <b>Заядан Б. К., Акмуханова Н. Р., Садвакасова А. К., Кирбаева Д. К., Кайырманова Г. К.</b> Бұсекеге қабілетті биотехнолог мамандарды дайындауда ғылым мен бизнес интеграциялық байланыстарын жетілдіру .....              | 73 |
| <b>Ибраева А.С.</b> О внедрении результатов фундаментальных исследований в учебный процесс на юридическом факультете в докторантуре.....   | 75 |
| <b>Кангужин Б.Е., Шаймерденова А.К.</b> Анализ результатов НИР кафедры фундаментальной математики и внедрение их в учебный процесс.....  | 78 |

## БИЗНЕС ПЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ АЯСЫНДА ТУРИСТИК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖУЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі нарық пен қоғамның қарқынды дамуына бейімделе алуға қабілетті мамандарды дайындау бұл кез-келген білім беру бағдарламаларының міндеті. Білім мен ғылым интеграциясы шенберіндегі инновациялық білім беру технологиялары алға жылжып көле жатқап үрдіс, ол қазіргі адам білімінің барлық салаларын қамтып отыр. Одан туристік білім беру саласы да шет қалмаған.

Әлем бойынша туристік білім беруге ерекше назар аударылады. Әлемде туризм туристік білім беру орталықтарының негізі XX ғасырдың басында қаланған. Қазақстанда туристік білім беру еліміз тауелсіздігін алғаннан кейін нақтылап қолға алынды десек те болады. Ел аумағында туристік білім беретін жоғары оку орындарының алдыңғы катары жасақталды. Солардың арасында орны болек – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі География және табиғатты пайдалану факультетінің, рекреациялық география және туризм кафедрасы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі рекреациялық география және туризм кафедрасы «Туризм» мамандығы бойынша халықаралық деңгейдегі магистратура және бакалаврлық білім бағдарламаларының сапа көрсеткіштеріне сәйкес Бұқіләлемдік туристік ұйым сертификатына ие болған бірден-бір қазақстандық білім ордасы. Білім беру бағдарламасының әлемдік деңгейге ену бастамасы 2012-2013 жылдар аралығындағы UNWTO TedQual білім бағдарламасы бойынша бакалавриат (5B090200-Туризм) және магистратура (6M090200-Туризм) мамандықтарын халықаралық сертификациялаудан оту қадамынан басталған.

Республикадағы туризм саласындағы кадрларды дайындастын жоғары білім беру орындарында «UNWTO - Ted Qual» туристік білім беру сапасын сертификациялауды енгізу үшін 2008 жылы Туризм және спорт министрлігінің тікелей ұйымдастыруымен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция отті. Бұл іс-шараға қатысуға арнайы Дүниежүзілік туристік ұйымдар корынаи «THEMIS» экспертері шақырылды.

«UNWTO - Ted Qual» сертификациясы – бұл туристік білім беру сапасын қамтамасыз ететін бағдарламалар блогы. Туристік білім берудің сапасын «UNWTO - Ted Qual» сертификациясы әлемдік стандарттарға сәйкес туристік білім беру мен оку бағдарламаларын дайындауды жетілдіруге көмек береді. «UNWTO - Ted Qual» сертификатына ие болған оку орындары, университеттері немесе институттары ақырындалап Біріккен Ұлттар Ұйымдарының мақсаттары мен ұстанымдарын өз бағдарламаларына енгізетін болады. Ал, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның Рекреациялық география және туризм кафедрасының Ted Qual сертификатын алуы университетті әлемдік стандарттар бойынша мамандар дайындауға мүмкіндік беріп қана қоймай, оның әлемдік туристік білім беру нарығында жоғары орынға ие болуына үлес қосты. «UNWTO - Ted Qual» сертификатына ие болған мекеме БҰ ДТҰ Кеңесіне қатысуға құқық береді. Сертификат БҰ ДТҰ-ның Bas хатшысының келісімімен беріледі.

«UNWTO - Ted Qual» сертификаты білім беру сферасы мен көсіби дайындық саласындағы ұйымдарға сапа аудитының қорытындысы бойынша беріледі. Ал, рекреациялық география және туризм кафедрасы аудиттен отуге қажетті құжаттарды жоғары жауапкершілікпен дайындаған.

Кафедрада бизнес пен ғылым интеграциясы аясындағы туристік білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың озіндік жолдарын қалыптастырып келеді.

Солардың бірі – туристік білім беру ұйымдары мен бағдарламалары арқылы жузеге асыру болып табылады.

Мысалға, «Экскурсоводтар» үйрмесінде Алматы қаласының Туризм басқармасы қолдауымен 2017 жылғы 28-ші Қыстық студенттік ойындары мен ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін откізу аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында 200 сағаттық экскурсоводтың мамандығын жетілдіру және қайта даярлау бағдарламасы жузеге асырылды. Экскурсовод дайындау бағдарламасы келесідей кезеңдерге болінеді:

- экскурсия маршрутын жасау;
- жаңа экскурсия дайындау;
- объектілерді таңдау алу;
- маршрутты арапап шығу;
- бақылау мәтінін дайындау.

Экскурсовод дайындау семинарлары жоғары дәрежелі мамандармен жургізілді. Теориялық білім беру ҚазҰУ-дың оқытушы құрамы тарапынан, ал практикалық білім беру Қазақстан

спубликасының атақты экскурсоводтары тарапынан болды. Аптасына бір рет практикалық жирибелерін арттыру үшін арнайы жалданған автобус аркылы Алматы қаласы ішінде, Шымбұлақ, әдеу шатқалдары, Есік колі, Тамғалы-Тас жерлеріне оқыту экскурсиялары жүргізілді.

Білімді басқару мәсесесі қай уақытта болмасын маңызды мәселелердің бірі болып қалатыны ың. Білім беру қызметіндегі басты мақсат бұл өлемдік стандарттарға негізделген қвалификациялық мандарды дайындау. Білім беруді бағалаудың басты талаптары бұрынғы қалыптасқан жүйедеғі ғермен. Рекреациялық география және туризм кафедрасында білім беру мәселелері жан-жақты растырылған. Мысал ретінде, «Туризмді қорапаттық қамтамасыз ету» пәні бойынша жасалған ртханалық сабактар сыныбы. Бұл пән халықаралық компания «Абакус» бағдарламаларының юндау үрдісі бойынша енгізіліп, жасакталған. «Туризмді қорапаттық қамтамасызы» ету пәнінің ртханалық сабактары барысында студенттер арнайы жабдықталған сыныпта арнайы бағдарламалық қамтамасыз етілген дербес компьютерлерде жұмыс жасайды. Зертханалық сабактар әрбір студентпен DS-те (ғаламдық дистрибутерлік жүйеде) on-line режимде жасалады. Сабак барысында студенттер үе қатынасының есебін жасайды, маршруттың ұзактығын есептейді, өз маршруттарын құрастырады. талмыш курстың негізгі бағыты туроператорлық өрекетті жүргізуге қажетті әдеттерді үйрету, гуденттердің дағдыларын жетілдіру, «Туризм» мамандығын бітіруші студенттердің құзыреттілігін рттыру.

Осыған байланысты ұстаздардың да, «Абакус» компания өкілдерінің де мақсаттары бір үндесден шыққан. Олармен арнайы бағдарлама жасалған. Осы бағдарламаны игергеннен кейін түтент көсіпшілік емтиханын тапсырады, емтиханды компания мамандары бағалайды. Жоғары балға е болған студенттер халықаралық үлгідегі сертификатты алуға мүмкіндік болады. Бұл сертификат түтенттердің осы курсы немесе жоғары оку орынын бітіргеннен кейін туристік нарықта бәсекеге айлелті болуын қамтамасыз етеді. Бұл қалыптасқан жағдай студенттерге шығармашылық және оптық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауға ынталандырады, сонымен катар түтенттердің жоғары бал алғып, зертханалық сабактарға белсенді қатысуына қызығушылық тудырады.

|   |
|---|
| CUCDYK  |
| 1.1.KARIMOVA/ALIYA MS 2.1.KARIMOVA/MALIKA MS*007                |
| 1 FL 410T 15AUG 7 ALARMS HK1 0820 1140 8PM HRS /DCKL*3SK6JT/E   |
| 2 FL 409T 26AUG 4 AMSALA HK2 1740 0415 27AUG 5 8PM /DCKL*3SK6JT |
| TKT/TIME LIMIT  |
| 1.TL1900 /01JUN-TUE   |
| PHONES  |
| 1.ALAD3121516 HAPPY TRAVEL-A                                    |
| 2.ALAD77012345678 ALIYA-C                                       |
| PASSENGER EMAIL DATA EXISTS *PE TO DISPLAY ALL                  |
| PASSENGER DETAIL FIELD EXISTS - USE PD TO DISPLAY               |
| TICKET RECORD - NOT PRICED                                      |
| FREQUENT TRAVELER DATA EXISTS *FF TO DISPLAY ALL                |
| SECURITY INFO EXISTS *P3D OR *P4D TO DISPLAY                    |
| GENERAL FACTS   |
| 1.SSR CHILD KL HK1/12JUL01                                      |
| 2.SSR VGM1 KL HK1 ALARMS0410T15AUG                              |
| 3.SSR VGM1 KL HK1 AMSALA0409T26AUG                              |
| 6.OSI KL PAX SPEAK ONLY KAZAKH                                  |
| REMARKS   |
| 1. TOTAL PRICE FOR TWO TICKETS KZT 199965                       |
| RECEIVED FROM - OLGA  |
| 5BRE/5BRE*ASS 0136/19MAY10 CUCDYK N B                           |

Сурет 1 – Тапсырма және оның нәтижесі [1]

Курс барысында ұстаздар мен «Абакус» компаниясының өкілдерімен бақылаудың келесі түрлері жүзеге асырылады: сыртқы, ішкі және ғылыми. 15 апталық сабак жүргізу барысында студенттердің қабілеті мен білімдерін бақылау барысында кешенді әдістер қолданылады. Әрбір студенттерге жеке үш деңгейлі тапсырмалар дайындалады: женіл, орташа және күрделі. Эр студентке бланк қағаз беріледі, ондағы тапсырмалардың барлығын on-line режимде орындаиды. Содан соң студент өзінің аты-жөнін және сұрақтарға жауаптарын жазады осы паракка түсіреді. Сонында ұстаз жауаптарды тексереді және оны толтырған паракпен салыстырады. Осылайша, ұстаз студентті

ады менгеру динамикасын білс алады. Студенттердің тапсырма үлгілерін 1-суреттен көргө

лады.

Бұл бағдарлама студенттердің болашақ сәбек нарығында оз білімділігін және бизнес оргасына

бейімделуіне комекеседі. Себебі көз-келген туристік мекеме брондау қызметін жүзеге асырады.

Ал, FIDELIO бағдарламасы - қонақтарды қабылдау және орналастыру үшін өлемдегі  
томаттандырылған жүйелердің си бслгілілерінің бірі. Бұл бағдарлама аясында студенттерге  
бинарлар, оку семинарлары, курстар откізіледі деп жоспарланып отыр. Қонақ үй қызметінің Rixos,  
Казахстан, Алматы, КазЖол, Intercontinental, Холидей Инн секілді мекемелерімен қарым қатынас  
арнайы, оқыту инфотурлар жасалады. Сонымен қатар, кафедрада сапар рәсімдеуін онтайландыруға  
арналған пилоттық «Corporate Trip Plan» жобасының жүзеге асырылып жатқанын айта кеткен жөн.  
Бұл бағдарлама тек кафедра шеңберінде гана емес, сонымен қатар жалпы университеттік  
сапарларды жүзеге асырып отырады.

Студенттік бизнес-инкубатор шеңберінде оку өндірістік студенттік турфирмалар құрылды  
«YouthTravel», «Info Tour»).

«Infotour» - География және табигатты пайдалану факультеті, рекреациялық география және  
туризм кафедрасының «Infotour» студенттік туристік фирмасы Алматы қаласы төнірегіндегі  
экскурсияларды ұйымдастырады.

Туристік білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың тағы бір жолы – бұл студенттердің оку  
жоспарлары барысындағы оку-жаттығу және ондірістік тәжірибелері. Білім беру бағдарламасы  
барысындағы бакалаврлардың міндетті оку-жаттығуы және өндірістік тәжірибелері:

1 курс – оку-жаттығу жорығы – Солтүстік Тянь-Шань ауданындағы тау жорығы. Осындағ  
сахат иотижесінде студенттерге спорттық дәреже иеленеді.

2 курс – оку-ондірістік практика. Практика үлгілі бағыттары: Алматы - Тараз -Шымкент -  
Түркістан - Ташикент - Самарқанд - Бұқара - Алматы; Алматы-Үрімжі-Пекин-Шанхай-Алматы;  
Алматы-Испания (Франция, Түркія, Гречія) - Алматы.

3 курс – ондірістік тәжірибе (Қазақстан туризм саласының көсінорындарында).

4 курс – ондірістік тәжірибе (диплом алдындағы практика), (туризм саласының Алматы,  
Астана, Тараз, Шымкент, Павлодар және Қазақстанның басқа да ірі қалаларындағы туристік  
фирмалар мен көсіпорындар).

Ал, магистратурада білім беру және ғылыми мекемелер ғылыми-зерттеу орындарында - оку-  
өдістемелік тәжірибені, онерқасіптік, туристік компаниялар мен қонақ үй көсінорындарында –  
өндірістік тәжірибені жүзеге асырады.

Зерттеуші-оқытушылардың көп жылдық бай тәжірибесі және жағдайдың негізгі қалыптасуы  
бөйинша айтатын болсақ, жақсы білім мен қабілетке қол жеткізгін келсе, бакылаудың өдістері мен  
өдістемесін мұхият жасау керек және оны жүйелі түрде қолдану керек.

Яғни бұл біздің білім беру аясындағы басты жасайтын қадамымыз десек те болады. Себебі  
бизнес пен ғылым интеграциясы аясында жетекші мамандарды дайындау жүйелі өдістермен немесе  
ерсекші өдістсмлік жолдармен жүзеге асады. Бұл өдістер шетелдік тәжірибе болсын немесе жаңа бір  
бағыт болсын, тек білім беру қызметінің игілігіне жүзеге асатын болғаны.

Қорыта келгендеге, бизнес пен ғылым интеграциясы аясында туристік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда келесі ұсыныстарды айтуга болады:

- Туристік нарықта орнықкан туристік фирмалар мен студенттер арасындағы байланысты  
жетілдіру. Оған жететін жолдар - екі жақты кездесулер ұйымдастыру, тренингтер, семинарлар  
ұйымдастыру.

- Оку бағдарламаларындағы теориялық білімді практика біліммен ұштастыру.

#### Әдебиеттер

- 1.The UNWTO. Ted Qual programme - [www.cenfotur.edu.pe/index.php.../51](http://www.cenfotur.edu.pe/index.php.../51)
- 2.Колесникова И.А. и др. Педагогическое проектирование. М., - 2008.
- 3.Ангельский К. Учителя и инновации. М.,1991.
- 4.Артемьев А.М., Невская И., Актымбаева А.С., Айжолова Г.Р. Абакус брондау жүйесінде жұмыс істеуге арналған  
практикум. Оку өдістемелік оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 10 п.л.